



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ

ЛИЦЕНЗИЯ

ислам банкінің банк операцияларын және өзге де операцияларын жүргізуге

Лицензия нөмірі № 1.3.51

Берілген күні 2020 жылғы 3 ақпан

«Заман-Банк «Ислам банкі» акционерлік қоғамы

Осы лицензия операциялардың мынадай түрлерін (ұлттық және (немесе) шетел валютасында) жүргізуге құқық береді:

1. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 52-5-бабының 1-тармағына сәйкес ислам банкінің банк операцияларын:

жеке және заңды тұлғалардан талап етуге дейінгі пайызсыз депозиттерді қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;

жеке және заңды тұлғалардың инвестициялық депозиттерін қабылдау;

банктік қарыз операциялары: ислам банкінің мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен және сыйақы алмай ақшалай нысанда кредиттер беруі;

жеке және заңды тұлғаларды:

тауарды үшінші тұлғаға кейіннен сату туралы шарттарсыз;

тауарды үшінші тұлғаға кейіннен сату шарттарымен коммерциялық кредит беру арқылы сауда делдалы ретінде қаржыландыру;

өндірістік және сауда қызметін заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу арқылы және (немесе) әріптестік шарттарымен қаржыландыру;

лизинг (жалдау) талаптары бойынша инвестициялық қызмет;

ислам банкінің банк операцияларын жүргізу кезіндегі агенттік қызмет.

2. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес банк операцияларын және өзге де операцияларды:

1) банк операцияларын:

банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу, оларда осы тұлғаға тиесілі тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетіледі;

кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдау және беру;

аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау;

қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоса алғанда, шетел валютасымен айырбастау операциялары;

төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;

аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;

ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беру;

үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдемелерін және өзге де міндеттемелерді беру;

2) өзге де операцияларды:

тазартылған бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдар) құйма күйінде, тазартылған бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату; өзінің бағалы қағаздарын (акцияларды қоспағанда) шығару;

сейфтік операциялар: сейфтік жәшіктерді, шкафтарды және бөлмелерді жалға беруді қоса алғанда, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша қызметтер.

Бірінші рет алған лицензия туралы деректер:

банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге Қазақ ССР Мемлекеттік банкі берген 1991 жылғы 6 маусымдағы № 11.

Ислам банкінің банк операцияларын және өзге де операцияларын жүргізуге бірінші рет алған лицензия туралы деректер:

Ислам банкінің банк операцияларын жүргізуге бірінші рет алған лицензия:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген 2017 жылғы 17 тамыздағы № 1.3.51.



М.О. Төрағаның бірінші орынбасары

О. Смоляков

Алматы қаласы

Алматы, 400, Ақ. № 101-02